

эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
География және табиғатты пайдалану факультеті  
Рекреациялық география және туризм кафедрасы

«Туризм» мамандығы  
Қонақ үй шаруашылығы пәні бойынша

## Дәріс 4: Қонақ үй ғимараттарының сипаттамасы



Оқытушы:  
география ғылымдарының  
кандидаты, доцент  
**Актымбаева А.С.**

**Алматы, 2021 ж.**

# Дәріс мақсатты: Қонақ үйлердің ғимараттарын қарастыру

## Қарастырылатын сұрақтар:

Қонақ үй ғимаратына қойылатын талаптар.

Қонақ үйдің негізгі белгілері.

Қонақ үй кәсіпорындарындағы қауіпсіздік жүйесі

# 1. Қонақ үй салыну кезінде келесі егізгі қағидаларға (принциптерге) көңіл бөлінеді:

- Қонақ үй ғимараты қоршаған ортаға зиянын тигізбеуі тиіс.
- Табиғи-климаттық факторлар: температура, ауа ылғалдылығы, шөгу сапалылығы, желдің жылдамдығы мен бағыты есепке алынуы тиіс;
- Ғимараттың архитектуралық, конструктивті, жоспарлы шешімі қымбат болмауы тиіс.
- Ғимаратты жарнамалаудағы жарнаманың орны.
- Қызмет көрсетуді ұйымдастыруда барлық функционалдық талаптарға сай келуін қамтамасыз ету;
- Ғимарат эстетикалық, техникалық, санитарлық- гигиеналық, экологиялық талаптарға сай болуы.
- Ғимарат құрылысын салуда тиімділік жағдайларын сақтау.



## 2. Қонақ үй ғимараты бірнеше белгілері бойынша бөлінеді:

**конструкциялық типіне қарай.** Конструкциялық және материалдыр типіне қарай қонақ үй ғимараты каркасты, блокты, монолитті болып бөлінеді.

**сыйымдылығы және қабаттылығына қарай.** Сыйымдылығы және қабаттылығына қарай жеке бөлініс жоқ. Әлемдегі ең ірі қонақ үйлерде қабаттылығына байланысты сыйымдылығыда жоғары болады

**тағайындалуына қарай.** Тағайындалуына қарай қонақ үйлер қонақ үй жіктелуіне байланысты транзиттік, іскерлік, демалыс үшін , туристік, мамандандырылған болып бөлінеді.

**эксплуатациялық режиміне қарай.** Эксплуатациялық режиміне қарай қонақ үй элементері мерзімдік техникалық эксплуатацияға дайындалуы тиіс. Олар подвал, қабырға, шатыр ағымдық жөндеулер мен жалпы жылдық жөндеулер жатады.

### 3. Қонақ үй әр түрлі инженерлік жабдықтармен қамтамасыз етілуі тиіс



- Оны жұмыс жағдайында ұстау керекті технология мен қамтамасыз етіледі. Қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау сақталынуы керек. Сумен жабдықтау: ыстық сумен, өрт сөндіретін сумен, тамаққа пайдаланатын және тұрмыстық қызметке қажет сумен қамтамасыз етеді. Ауа тазартқыш жылу беретін жүйелер де, сондай-ақ өрт сөндіру жүйесі қалыпты жұмыс істеуі керек. Қонақ үйдің күзет сигнализациялық жүйесі жартылай автоматты түрде ұсынылады. өйткені , орталықтандырылған күзет пультіне басқа жақтан ақпарат түсіп тұрады. Шағын мекемелерде автоматты сигнализациялық жүйесі тұрғызылады.
- Қонақ үйді ақпараттандыру жүйесіне көп мақсатты жүйе жатады. Жүйе қызметіне кіреді: оқыс жағдай туралы персоналға ақпарат жеткізу, түрлі құрылғылармен жеткізу мүмкіндігі, қазіргі таңғы КБЖ ең қолайлысы болып отыр.

Спорттық сауықтыру кешені төбесі жабық спорт залы, тнғистік кортымен жүзуге арналған бассейн, жаттығу залы жеңіл тенис корты қайық бекеттері және жағажаймен жабдықталуы міндетті.



Персонал – қонақтарды, жаттықтыру маманының нұсқауына жаздырып қоюға, шет тілдерін жақсы меңгеруге және қызмет көрсетуде әдепті болуға міндетті.

## Қонақ үй іскерлік сараптауына арналған келесідегідей сауалнамалық нұсқамалар бар:

- Қонақ үй атауы;
- Мекен-жайы;
- Факс, телефон, телекс;
- Ведомстволық бағынуы;
- Ғимарат түрлері (қабаттық, құрылыс материал үлгісі, оның сәулетшілік шешім шығаруы, жоба үлгісі, жарнама түрі, келушілерге көрсетілетін қызмет түрлері және т.б.);
- Көлік тұрағы;
- Аумақтар және оның сәулеттендірілуі;
- Бөлмелердің сандары және бөлмелік қор сипатамалары;
- Қабылдау қызметі және қызмет көрсетуші;
- Қосымша қызметтер және орналастыру;
- Тамақтану жүйелерінің сипаттамасы;
- Дене тәрбиелік сауықтыру және мәдениеттілік- ағартушылық жүйелері;
- Ақпараттық, тұрмыстық, саудагерлік, банкілік, почталық және басқа да салаларының қызмет көрсетуі;
- Кәсіпкерлік орталық жүйесінің лайықты жабдықталуы;
- Коммуникациялардың жүйелік сипаттамалары және инженерлік аумақтары;
- Қонақ үйді сипаттайтын қосымша мәліметтер.

## Қонақ үй бөлмелерінің сәулеттендірілу дәрежесіне байланысты мынадай категорияларға бөліп қарастырылады

- А) люкс бөлмелері ( тұғын үйлер) –бірнеше бөлмеден тұрады.Бөлмеде спутнигтік теледидар, үй кинотеатры, шағын бар электронды сейф LCD теледидары халықаралық және қалааралық телефон, климат конторл, гидро массаж ваннасы жоғары сапалы жиһаздар болады.
- Б) екі бөлмелі бөлме-алдыңғы қатарлы құрылым, толық санузелді, ұйықтайтын және қонақ бөлмесі жұмыс кабинетімен диван; жиһазбен санитарлық техникалық және басқада жоғары сапалы жабдықталумен қамтамасыздандырылады.
- В) «Дубм» бөлме – екі орынды типтегі бөлме, бір диван, бір кереует,кереуетпенауыстырылған, қонақ қалауы бойынша екі орынды және жайлы бір орынды пайдалануға рұқсат етілмейді.
- Г) бір бөлмелі бір орынды номер – алатын көлемі кем дегенде  $8 \text{ м}^2$  жиһаздар мен жабдықталуы және қонақ үй категорияларына сай болуы тиіс.
- Д) көп орынды бір бөлмелі номер ол тек жетілмеген қонақ үй категорияларына тән оның санузласында қолжуғыштан басқа жабдықтандыру жағдайы жасалмаған ең маңыздысы ұйықтайтын бөлмелер пайдалануға беріледі.



# Категорияларға сәйкестігің бағалау әдістемесі

- Категорияға қонақ үйдің сәйкестігің 3 этаппен жүргізеді:
- 1-ші этап – орналастыру орындарының алдын ала бағалау жүргізіледі (кесте 1). Нәтижелік хаттама толтырылады
- 2-ші этап - орналастыру орындарының алдын ала бағалау жүргізіледі (кесте 2). Балдардың соммасы көрсетіледі. Нәтижелік хаттама толтырылады
- 3-ші этап – қорытынды балмен, шешімді қабылдау

## Қонақ үйлерге және орналастыру орындарға қойлатын категориялық талаптар ("+" белгісі қойылған талап орындалу керек)

Талаптар	КАТЕГОРИЯ				
	*	**	***	****	*****
1. Ғимарат, құрылыс және орналасу орны, аймағы					
Маңдайша (вывеска):					
- жарықпен	+	+	+	+	+
Қонақтардың кіру орны					
- қызметкерлердің кіру орынан бөлек <10>			+	+	+
- күнқағар атмосфералық жауын-шашындардан қорғауы				+	+
- ауа-жылылық қорғаныс				+	+
- мейрамханада (кафе, бар және т.б.) орналастыру орындарында <11>		+	+	+	+

## Талаптартар

## КАТЕГОРИЯ

\*

\*\*

\*\*\*

\*\*\*\*

\*\*\*\*\*

## 2. Техникалық құрал - жабдықтар

Төтенше жағдайларға арналған жарық және энергоқамту:

- төтенше жарық беру (аккумулятор, фонарь)

+

+

+

+

+

- стационарлық генератор &lt;12&gt;, негізгі құралдардың жұмыс істеу режиміне көмек беру 24 сағат бойы

+

+

+

Сумен қамту:

- ыстық, суық

+

+

+

+

+

- ыстық резерв жүйелерден алынады, профилактика жұмыстары

+

+

+

- ауыз сумен қамту құрал-жабдықтар (өндеу құрал-жабдықтар)

+

+

- нөмерде үлкен бөтелке ауыз судың болуы (тегін) &lt;13&gt;

+

+

+

Жыл бойы бөлмелердегі ауаның кондиционеры

+

+

Ішкі радиохабар, радиотрансляция жүргізу мүмкіндіктерімен, лифтермен қоса

+

+

Талаптартар	КАТЕГОРИЯ				
	*	**	***	****	*****
<b>Ғимараттағы лифт &lt;14&gt;:</b>					
- 5 этаждан жоғары	+	+			
- 3 этаждан жоғары <15>			+		
- 2 этаждан жоғары <15>				+	+
- қызметтік, жүктік (жүк көтеру) <10, 15>				+	+
Лифттің уақыты:					
- 45 сек көп емес.			+		
- 30 сек көп емес.				+	+
Тәуліктік жұмыс істеу	+	+	+	+	+
Нөмерден телефон байланысы:					
- ішкі (қонақ үй шекарасында) немесе тапсырыс кнопка 100% қызмет көрсету	+				
- ішкі 100% номерлерде		+ <16>			
- ішкі және қалалық 100% номерде			+ <16>		
- ішкі, қалалық, қалааралық және халықаралық 100% номерде				+	+
Қоғамдық орындарындағы телефонмен қолдану мүмкіндігі (вестибюле):					
- ішкі, қалааралық	+	+			
- ішкі, қалалық, қалааралық және халықаралық			+	+	+

Талаптартар	КАТЕГОРИЯ				
	*	**	***	****	*****
<b>3. НОМЕРЛІК ҚОР</b>					
1 немесе 2 номерлік бөлмелер, кем емес:					
- 60%	+				
- 80%		+			
- 100%			+	+	+
<i>Көпбөлмелік номер немесе бір-бірімен қосылған номерлер</i>			+		
Көпбөлмелі номерлер				+	
Көпбөлмелік номер немесе бір-бірімен қосылған номерлер					+
5% кем емес (жалпы санынан) көп бөлмелі номерлердің болуы					+

# Тапсырма

- 4. Техникалық қамту
- 5. Қоғамдық пайдалану санитарлық нысандар
- 6. Қоғамдық орындар (бөлмелер)
- 7. Тамақтандыру қызмет көрсету орындар
- 8. Қызметтер
- 9. Тамақтандыру қызметтер
- 10. Қызметкерлерге қойылатын талаптар және оларды дайындау

# Бақылау сұрақтары

- 2\* қонақ үйді сипаттаңыз.
- 5\* қонақ үйді сипаттаңыз.
- 4\*-5\* қонақ үйлердің сапасы мен эстетикасына қойылатын талаптар.
- Қонақ үйлердің жұлдызына байланысты персоналға қойылатын талаптар.
- 1\*, 3\* қонақ үйлерді сипаттаңыз.

# Негізгі әдебиет тізімі

- 1. Мазбаев О.Б., Омаров Қ.М. Қонақ үй шаруашылығы. - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2009. – 99 б.
- 2. Жангуттина Г.О., Актымбаева А.С., Тумажанова М.О., Токбергенова У.А. Қонақ үй және туристік кешендерді жобалау негіздері. -Алматы, 2020 – 71 б.
- 3. Жангуттина Г.О., Актымбаева А.С., Кожаметова Н.С., Сарсенбаева А.М. Мейрамхана ісі және мейрамхана бизнесіндегі брондау және резервілеу. Оқу құралы.- Алматы, 2018 – 71 б.
- 4. Актымбаева А.С.; Желдибаев А.Е.; Сарсебаева А.М. Туризм инфрақұрлымы: теория және практика. Учебное пособие. - Алматы: ТОО «Лантар Трейд», 2019. -154 с.